

**Мәслихаттың 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 182 "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2010 жылғы 22 қазандағы № 350 шешімі. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 қарашада № 9-14-138 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 75 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012.12.20 № 75 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28-бабына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабына, Қостанай ауданы бойынша салық басқармасының 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 39-08-ОАНП/4261 хатына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 182 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-14-108 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 5 маусымдағы аудандық "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланды) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

осы шешімнің 1, 2-тармақтарындағы және қосымшаларындағы "жеке тұлғалар" сөздері "Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

тыс сессиясының төрағасы *Қостанай аудандық мәслихатының кезектен С. Есментаяв*

мәслихатының хатшысы *Қостанай аудандық А. Досжанов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

**"Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің салық комитеті Қостанай облысы бойынша салық Департаментінің**

Қостанай ауданы бойынша салық  
басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
----- Б. Сулейменов

2010 жылғы 22 қазанда

Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Қаржы бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
----- В. Осадчая

2010 жылғы 22 қазанда